



**«АДАЛДЫҚ ӘЛІППЕСІ»
МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ҚҰНДЫ
ҚАСИЕТТЕР МЕН АДАЛДЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА
БАҒЫТТАЛҒАН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
ДИДАКТИЧЕСКИХ ИГР НАПРАВЛЕННЫХ
НА ФОРМИРОВАНИЕ ЦЕННОСТНЫХ КАЧЕСТВ И
ДОБРОПОРЯДОЧНОСТИ У ДЕТЕЙ
ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА
«АЗБУКА ЧЕСТНОСТИ»**



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ» РММ**



**«АДАЛДЫҚ ӘЛІПЕСІ»
МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ҚҰНДЫ ҚАСИЕТТЕР
МЕН АДАЛДЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН
ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ДИДАКТИЧЕСКИХ ИГР НАПРАВЛЕННЫХ
НА ФОРМИРОВАНИЕ ЦЕННОСТНЫХ КАЧЕСТВ И
ДОБРОПОРЯДОЧНОСТИ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА
«АЗБУКА ЧЕСТНОСТИ»**

Астана - 2025

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

«Адалдық әліппесі» мектеп жасына дейінгі балаларда құнды қасиеттер мен адалдықты қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар жинағы – Астана , 2025- 42 бет.

Жинақта мектеп жасына дейінгі балаларда құнды қасиеттер мен адалдықты қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар ұсынылған.

Жинақ мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарының педагогтеріне арналған.

Жинақ ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2021 жылғы 31 мамырдағы № 5 хаттама)

«Балаларды ерте дамыту институты» РММ, 2025ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Бүгінгі күні қоғамда жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу, яғни балаларды жақындарына мейірімділік пен әдептілік, жанашырлық пен қамқорлық танытуға, жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу мәселесі өзекті болып табылады. Мектепке дейінгі жаста бұл мәселені шешу өте маңызды, өйткені бұл кезеңде қалыптасатын тұлғаның адамгершілік қасиеттері, түсініктері балалардың барлық әрекеттеріне ықпал етеді және мектеп жасында адамгершілік тәрбиені табысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Адамгершілік тәрбие мәселесі өзекті болғандықтан, бұл мәселемен ертеден бері философтар, педагогтер айналысып келеді. Ежелгі философтар өз еңбектерінде адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу идеяларын, классик-педагогтер тәрбиеленушілерге педагогикалық ықпал ету тәсілдерін ұсынды. Олардың көзқарастары мен ұстанымдары адамгершілік тәрбие теориясы мен практикасын зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты.

Көрнекті кеңес педагогтері В. А. Сухомлинский, А.С. Макаренко мектепке дейінгі жастың адамгершілік мінез-құлық қасиеттерін қалыптастыруда ерекше маңызды екенін атап өтті. Алты жасқа қарай баланың бойында мінез-құлықтың тұрақты дағдылары, меңгерген моральдық нормалар мен ережелерге сәйкес қоршаған ортаға көзқарасы қалыптасады.

Адамгершілік тәрбиесінің міндеттері заманға, экономикалық және саяси жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Қазіргі қоғам мемлекетке, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, азаматтық парыз, әлеуметтік белсенділік, күнделікті өмірде болып жатқан оқиғаларға немқұрайлы қарамау сияқты адамгершілік қасиеттерді талап етеді. Бірақ, негізгі адамгершілік қасиеттер өзгермейді: әдептілік, жауапкершілік, мейірімділік, адалдық, әділдік, үлкендерді сыйлау және басқалар.

Бұл міндеттің өзектілігі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы*) мен Үлгілік оқу бағдарламасының (*ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы*) (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) білім беру салаларының мазмұнында көрініс тапқан.

Үлгілік бағдарлама бірқатар міндеттерді шешуге, оның ішінде мектеп жасына дейінгі балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизм мен толеранттылыққа, адалдық, әділдік және сенімділік сияқты маңызды дағдыларға тәрбиелеуге бағытталған.

Адамгершілік тәрбие мәселесі бүгінгі күні өзекті болғандықтан, мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік қасиеттер мен адалдықты қалыптастыруға бағытталған материалдар жинағы әзірленді.

Бұл жинақтың мақсаты: мектепке дейінгі ұйымдардың, оның ішінде орта білім беру ұйымдарының мектепалды даярлық сыныптарының педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік қасиеттер мен адалдықты қалыптастыруға бағытталған дидактикалық материалдарды таңдау;
- балаларға адамгершілік қасиеттерді меңгеруге көмектесу: мейірімділік, елгезектік, өзара көмек, ұжымдағы достық қарым-қатынастар;
- ата-аналары мен жақын адамдарын сыйлауға, шыдамдылық, мейірімділік танытуға, бір-біріне көмектесуге және көмекті ризашылықпен қабылдауға, ересектерді тыңдауға тәрбиелеу.

Жинақта ұсынылған дидактикалық материал мынадай бөлімдерден тұрады:

- ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған дидактикалық материал;
- мейірімділікті қалыптастыруға бағытталған дидактикалық материал;
- елгезектік пен өзара көмек көрсетуді қалыптастыруға бағытталған дидактикалық материал, сонымен қатар дидактикалық материалдарды қолдану бойынша ұсынымдар берілген.

Әр бөлім белгілі бір адамгершілік қасиетке сәйкес келеді. Жинақ мектепке дейінгі ұйымдардың және мектепалды даярлық сыныптарының педагогтеріне практикалық көмек көрсетеді.

ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Жинақта ұсынылған дидактикалық ойындар мен педагогикалық жағдаяттарды ойнауды күннің бірінші және екінші жартысында да өткізуге болады. Ұзақтығы балалардың жасына және өткізу жағдайларына байланысты болуы мүмкін.

Топпен де, жеке де жұмыс жүргізуге болады.

Іс жүзінде кез-келген дидактикалық материалды нақты бір адамгершілік қасиетті дамыту үшін ғана емес, сонымен қатар қасиеттер жиынтығын дамыту үшін де қолдануға болады.

Жинақта ұсынылған дидактикалық ойындарды өткізу үш кезеңнен тұрады:

- дидактикалық ойындарды дайындау;
- өткізу;
- талдау.

Дидактикалық ойынды дайындауға мыналар жатады: тәрбие мен оқытудың міндеттеріне сәйкес ойынды таңдау; таңдалған ойынның балаларды тәрбиелеу мен оқытудың бағдарламалық талаптарына сәйкестігін анықтау; дидактикалық ойынды өткізуге ыңғайлы уақытты анықтау; таңдалған ойын үшін қажетті дидактикалық материалды дайындау; тәрбиешінің ойынға дайындығы; балаларды ойынға дайындау: ойын міндетін шешуге қажетті қоршаған ортаның заттары мен құбылыстары туралы балалардың білімдерін кеңейту.

Дидактикалық ойынды өткізу мыналарды қамтиды: балаларды ойын мазмұнымен, ойын барысында қолданылатын дидактикалық материалмен таныстыру, ойын барысы мен ойын ережелерін түсіндіру.

Өткізілген ойынды талдау оны дайындау және өткізу әдістерін анықтауға бағытталуы тиіс: мақсатқа жетуде қандай тәсілдер тиімді болды, бұл дайындықты, ойынды өткізу процесін жетілдіруге көмектеседі. Талдау ойынның сипатындағы жеке ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Тәрбиеші педагогикалық жағдаяттарды уақыты бойынша жоспарлайды, нақты мақсаттар қояды, қажетті жағдайлар жасайды, қажетті материалдарды дайындайды, белгілі бір әдістемелік тәсілдерді қолданады. Педагогикалық жағдаяттардың негізгі айырмашылығы-бала үшін мұндай жағдаят ерікті қарым-қатынас немесе әрекеттің шынайы жағдайы ретінде көрінуі тиіс.

Тәрбиеші балалар өміріндегі көріністер бейнеленген суреттерді балаларға ұсына алады: бірлескен ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне, ойын-сауықтарға дайындық. Әр көріністе суреттегі кейіпкерлерге дұрыс шешім табуға көмектесу үшін талқылануы тиіс даулы жағдайлар болады.

Ересектің мақсаты-тәрбиеленушілерге суреттерде көрсетілген жағдаяттардың этикалық мағынасын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттерінің адамгершілік қасиеттерін бағалауға көмектесу, суреттегі зәбір көрген кейіпкердің эмоционалды жағдайына енуді және балалардың пікірінше, басты кейіпкердің жағдайына жағымды әсер ете алатын әрекетті, яғни жанашырлық, достық қарым-қатынас, елгезектік танытуға шақыру арқылы балаларға осы әрекетті жасауды ұсыну. Бұл жағдайда ересектер талқыланатын мәселеге өзінің эмоционалды күйін көрсетуі өте маңызды. Мұнда ересектің әрекеттерінің маңызы зор: эмоционалды сөйлеу, мәнерлі ым-ишара.

Сюжеттік суретті қолдана отырып, педагогикалық жағдаяттарды шешуге дайындалу керек: балаларға суреттің мағынасын түсінуді тереңдету мақсатында ұсынылатын сұрақтарды ойластыру, бұл сұрақтардың ретін белгілеу.

Алдымен балаларға суреттің жалпы мазмұнын түсінуге мүмкіндік беру керек. Балаларға мұндай сұрақтар қою орынды болады: «суретші не туралы әңгімелеп бергісі келді?», «Сіз бұл суретті қалай атар едіңіз?», содан кейін балалардың назарын басты кейіпкерге аудару қажет: оған не болды? Мұндай жағдайға түсуіне не себеп болды? оның эмоционалдық көңіл-күйі (ренжулі, ашулы, қорқып тұр, қобалжып тұр) қандай? Егер балалар белсенділік танытпаса немесе кейіпкердің эмоционалды күйзелісінің себептерін көрмесе, оларға мынадай сұрақ қоюға болады: «сіз осы баланың (қыздың) орнында өзіңізді қалай сезінер едіңіз?» Соңында мынадай сұрақтар қоюға болады: «сіз бұл балаларға не істеуге кеңес берер едіңіз?» немесе: «егер сіз осы баланың (қыздың) құрдастарының орнында болсаңыз, не істер едіңіз?».

Түрлі әрекет кезінде балаларды бақылай отырып, оларда құнды қасиеттердің даму деңгейі мен қалыптасқан адамгершілік түсініктерді байқауға, кейбір жағымсыз қылықтарды атап өтуге болады. Бұл келешекке міндеттер қоюға, ойын барысында (педагогикалық жағдаяттарды шешу) немқұрайлық, өзімшілдік, жағымсыз мінез-құлық танытқан балаларға ерекше назар аударуға мүмкіндік береді.

ҰЖЫМДА ДОСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР

«Достық көмек»

Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді.

Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды.

«Сиқырлы таяқша»

Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.

Балалар шеңберге тұрып, өздеріне көмек қажет болған жағдайды кезек-кезек айтып береді, мысалы: тісім ауырды, біреу ренжітті, көңіл-күйім болмады және т.б. Қатысушылар жағдайларын айтып болғаннан кейін, педагог «сиқырлы таяқшаны» қолына алып, былай дейді:

«Сиқырлы таяқша, досыңа көмектес!».

Досына қалай көмектесуге болатынын білетін бала қолын көтереді, ал педагог оған таяқшаны береді. Таяқшаны алған қатысушы оны екінші қатысушының қолына тигізеді және оған қалай көмектесуге болатынын айтады.

Қиындық туындаған жағдайда педагог баланың қолына таяқшаны тигізіп, оған қалай көмектесу керектігін өзі айтады.

«Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер»

Ойынның мақсаты: адамның жақсы жақтарын көре білуге тәрбиелеу.

Педагог өз қалауы бойынша бір баланы таңдап алып, оны шеңбердің ішіне отырғызады және басқа балалар өзіне осы баланың қандай қасиеттері ұнайтынын айтады. Педагог балаларға жауаптарының қайталанбауын ескертеді және өзі үлгі ретінде осы баланың жағымды қасиеттерінің бірін әңгімелеп береді. Ойын осылай жалғасады.

«Досыңды тауып ал»

Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлайды да, оларға бөлменің ішінде жүруді ұсынады және көздері байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін ұстап тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін ойыншылар рөлдермен алмасады.

«Құпия заттар»

Ойынның мақсаты: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.

Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі қобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады, оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін ойынға қатысушылар бөлмені аралап жүреді, олар қызығушылық танытып, бір-бірін құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен ортақ тіл табысуына көмектеседі.

«Мақтау сөздер айту»

Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.

Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.

«Сиқырлы дүрбі»

Ойынның мақсаты: топтың әр мүшесінің жақсы жақтарын көре білу қабілетін қалыптастыру.

Тәрбиеші балаларға «сиқырлы дүрбіні» көрсетеді және балаларға дүрбімен біреуге қараған кезде тек оның жақсы жақтары ғана көрінетінін түсіндіреді. Алдымен тәрбиеші дүрбімен қарап, топтағы бір баланың жағымды қасиеттерін атай отырып, үлгі көрсетеді. Содан кейін балалар дүрбімен құрдасына қарайды да, оның жақсы жақтарын көріп тұрғанын және ол қандай қасиеттер (мейірімді, әдепті, қамқор және т.б.) екенін айтады.

«Дос болайық бәріміз»

Ойынның мақсаты: ұжымда бірлікті қалыптастыру.

Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді:

- орындыққа көтерілу және түсу;
- үстелдің астынан өту;
- «көлді» айналып өту»;
- «ну орман» арқылы өту»;
- «жабайы жануарлардан» жасырыну.

Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек.

«Паровоз»

Ойынның мақсаты: ұжымда үйлесімділікті, бірлікті қалыптастыру.

Тәрбиеші балаларға өз тобының балалары тату, мейірімді, адал болуын тілейтінін айта отырып, паровоз ойынын ойнауды ұсынады, онда «вагондар» бір-бірін шынтағынан ұстайтынын көрсетеді. Паровоз әртүрлі қарқынмен, ырғақпен,

кедергілер арқылы жүреді. Балалардың ырғақты ән айтуларына болады. Ойынның шарты қолдарынан жібермей, біртұтас команда ретінде әрекет ету.

«Түрлі - түсті гүлдер»

Ойынның мақсаты: дұрыс таңдау жасай білуді, құрдастарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау қабілеттерін дамыту.

Құрал-жабдықтар: күлтелері алынатын жасанды гүл, қызыл және сары текшелер.

Тәрбиеші ойынның әртүрлі нұсқаларын қолданады.

Ойынның бірінші нұсқасы:

Балалардың әрқайсысы гүлдің күлтесін жұлып алып, іштерінен тілек тілейді.

Егер баланың тілегі өзінің жеке басына байланысты болса, балаға сары текше беріледі, егер тілегі әлеуметтік маңызға ие болса – онда қызыл текше беріледі. Ойынның соңында барлық текшелерді жинап алып, топтағы адамгершілік тәрбиесінің даму деңгейін анықтауға болады (бірақ оны балалармен талқылауға болмайды) және балаларға қандай тілектің ұнағанын, оның не себепті ұнағанын талқылауға болады.

Ойынның екінші нұсқасы:

Гүлдің бір күлтесін екі баланың алуына болады, олар ойланып және бірге келісе отырып, екеуіне ортақ тілек тілейді.

Ойынды жүргізе отырып, педагог балалардың жолдастарына, қарт адамдарға, әлсіздерге қамқорлық жасағысы келетін тілектерін қолдайды. Педагог егер балалар шынымен қаласа, олардың барлық тілектері орындалатынын айтады.

«Адал достар»

Ойынның мақсаты: ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру.

Педагог балалардан бөлменің екі бөлікке бөлінгенін (бір бөлігі- «құрлық», бір бөлігі-«теңіз») айтады және ойынның шартын түсіндіреді.

Балалар шеңберге тұрып, музыканың басталуымен хороводпен жүре бастайды. Музыканы тоқтатқан кезде балалар да тоқтайды. «Құрлықта» қалған қатысушылар «теңізде» қалғандарды мүмкіндігінше тезірек құтқаруы керек. Ол үшін «құтқарушылар» секіргішке үрлемелі дөңгелекті өткізіп, оны батып бара жатқан қатысушыларға лақтырып, оларды «құрлыққа» шығарып алуы тиіс. Ойын осылай жалғасады.

«Адал досқа арналған ашық хат»

Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасты қалыптастыру.

Педагог балаларға достық туралы мақал айтып береді, содан кейін өзінің адал досы деп санайтын адамды атауды және оның себебін түсіндіруді сұрайды.

Әңгіме соңында балаларға адал досы үшін ашық хат дайындау ұсынылады.

СЮЖЕТТІК СУРЕТТЕР ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҒДАЯТТАРДЫ ТҮСІНДІРУ

«Кемемен қыдыруға барамыз»

Мақсаты: балаларды ойындағы рөлдерді бөлісу кезінде жанжалдан аулақ болуға баулу.

Балалар «кеме» құрастырып, қыдыруға дайындалуда. Ең белсенді бала (көшбасшы) – «капитан», біреуі – «матрос» болып тағайындалды. «Жолаушылар» кемеге отырып жатыр. Ал, кім кемеңіздің жүргізушісі болады? Бұл рөлге екі бала таласып, олардың араларында жанжал туындады. Бұл даулы



мәселе қалай шешіледі: біреуі штурвалды алып қояды немесе жүргізуші болудан бас тартып, оны досына береді.

Балаларға арналған үлгі сұрақтар:

- Суреттен не көріп тұрсыңдар?
- Балалар кімдерді бейнелеп жатыр?
- Балалардың арасында неге жанжал туындады?
- Балалар жанжалды тоқтату үшін не істеу керек?

Сюжетті дамыту: «Капитан» санамақтың көмегімен кемеңізді кім жүргізетінін анықтайды; б) «Матрос» дауласып жатқандардың біріне жаңа рөл – «кеме аспазы» болуды ұсынады.

«Жаңа жыл қарсаңында»

Мақсаты: балалардың назарын құрдасының эмоционалды көңіл-күйіне аудару, құрдасын жұбатуға баулу.

Балабақша жаңа жыл мерекесіне дайындалуда. Балалар шыршаны безендіріп, оған қолдан жасалған ойыншықтарды іліп жатыр. Шетте бір бала, оларға мұңайып қарап тұр.

Тәрбиешінің сұрақтары: «Балалар көңілді деп ойлайсыңдар ма?»; «Неліктен балалар көңілді?»; «Барлық балалар көңілді ме?»; «Мына бала неге мұңайып тұр?»; «Оған қалай көмектесуге болады?».



Сюжетті дамыту: а) шыршаны безендіріп жатқан бала мұңайып тұрған балаға бір қолшам береді; б) қыз бала мұңайып тұрған балаға қолшамды қалай жасау керектігін түсіндіреді.


«Көңілді хоровод»

Мақсаты: досының эмоционалды жағдайын байқауға үйрету, досына көмектесуге деген тілегін қолдау. Балаларға құрдастарының бірі ренжіген жағдайда оны назардан тыс қалдыруға болмайтынын, ортақ әрекетке тарту керектігін түсіндіру.

Балалар топ бөлмесінде хоровод ойнап жатыр, тек бір бала оларға қосылмай, шетте тосырқап, қарап тұр.

Педагог балаларға сұрақ қояды: неліктен бала ойынға қосылмай, ренжіп тұр?

Балалар жауап бере отырып, өз пікірлерін айта алады: ол бала бәріне кедергі келтірген шығар, сондықтан оны жазалап, ойыннан шығарды. Иә, бұл бала жағымсыз мінез-құлық танытқаны үшін өзі кінәлі шығар дей отырып, балалардың мұндай пікірлеріне педагог назар аудару қажет, мүмкін балалар оны ойынға шақырмаған соң ренжіп тұрған шығар.



Сюжетті дамыту: а) балалар ойындарын тоқтатып, баланы ойынға шақырады; б) бала ойынға қосылды, оның көңіл-күйі көтерілді.

МЕЙІРІМДІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР

«Мейірімділік туралы ойлайық»

Ойынның мақсаты: ұжымда тілектестік қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Балалар шеңберге тұрады. Жүргізуші («мейірімділік») таңдалады. Педагог оған бөлмеден шығып, балалардың кез-келгеніне қандай қайырымдылық жасай алатындығы туралы ойлануды ұсынады.

Педагогтің белгісі бойынша балалар «мейірімділікті» шақырады. Ол бөлмеге кіріп, балалардың біреуінің қолынан ұстап, оны шеңбердің ортасына апарады да, ол үшін қандай жақсылық жасай алатынын айтады. Содан кейін жүргізуші ауысады, ойын осылай жалғасады.

«Мейірімді адамдар»

Ойынның мақсаты: «мейірімді адамдар» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау процестерін дамыту.

Балалар шеңберге тұрады. Педагог кезекпен әрқайсысына доп лақтырады. Допты ұстаған бала кез-келген мейірімді адамды атайды және оның неге мейірімді екенін түсіндіреді (жауаптың үлгісі: менің әпкем мейірімді, өйткені ол менімен күнде ойнайды, маған көмектеседі). Барлық балалар айтып болғаннан кейін, педагог олардың әрқайсысы атап берген барлық мейірімді адамдарды толық айтып беруді сұрайды.

«Мейірімділік ағашы»

Ойынның мақсаты: «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Педагог балалардың назарын ватман парағына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды.

Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады.

«Құрметтеуді үйренеміз»

Ойынның мақсаты: құрдастарына құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Педагог балалардан қандай адамгершілік қасиеттер құрметке лайық болып көрінетінін ойлануды және айтуды сұрайды. Содан кейін балалар шеңберге тұрып, бір-біріне допты беріп, доп берген баланы не үшін құрметтейтінін айтады.

Ойын барлық қатысушылар айтып болғанша жалғасады.

«Адалдық шеңбері»

Ойынның мақсаты: балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту.

Педагог балаларды екі командаға бөледі.

Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап, «адалдық шеңберін» құра отырып, қолдарын жоғары көтереді. Екінші команданың мүшелері бірінің артынан бірі сапқа тұрып, көңілді музыкамен «адалдық шеңберінің» ішіне кіріп, шығады.

Музыка тоқтағанда «адалдық шеңберін» құрып тұрған балалар қолдарын төмен түсіреді. Шеңбердің ішінде қалып қойған қатысушылар өздерінің адал әрекеттері туралы кезекпен айтып береді. Содан кейін командалар орындарымен алмасады, ойын қайта басталады.

«Сыпайы өтініш»

Ойынның мақсаты: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу.

Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзінді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек.

«Сыпайы кездесу»

Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету.

Педагог балаларды жұптарға бөледі. Әр жұп екі бірдей ойыншық алады (екі робот, екі қуыршақ). Балаларға екі қойылым ойнау ұсынылады – біріншісі әдепсіз ойыншықтардың, екіншісі әдепті ойыншықтардың кездесуін бейнелеу. Тапсырманың соңында әдептіліктің мағынасын талқылайды.

«Әдепті сөздер шеңбері»

Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.

Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҒДАЯТТАР

Шағын қойылымдарға арналған педагогикалық жағдаяттар

Мақсаты: сыпайы қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, айналасындағылармен мейірімді қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу, қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Балалар жағдаятты ойнайды. Содан кейін қалғандары олардың әрекеттерін бағалайды, егер олардың қателіктері болса, оларды атайды. Қойылымдарды басқа балалармен 2-3 рет қайталауға болады.

Тапсырма:

- Сурет салу ұйымдастырылған оқу қызметінде қарындашың сынып қалды. Сен құрдастарыңнан қарындашты қалай сұрайсың?

- Балаларға қарындашты бір-бірінен қалай сұрайтынын, не айтатынын көрсету ұсынылады.

- Балалар доп ойнап жатыр, олар көңілді. Арман дуалдың жанында жалғыз өзі мұңайып тұр. Сендер не істейсіңдер, Арманға не айтасыңдар?

- Көше батпақ, лас. Сержан құлап, үстін кірлетіп жылады. Сендер не істейсіңдер? Оған не айтасыңдар?

- Екі баладан олардың бір-біріне қалай көмектесетінін, не айтатынын көрсету ұсынылады.

- Үстел басына балалар түскі ас ішуге отырды. Балаларға осы жағдаятты көрсету ұсынылады.

Біреуі түскі асты ішіп болды. Сен не істейсің ? Не айтасың?

- Сенің бантигің шешіліп кетті. Әлия бантигіңді байлап берді. Сен оған не айтуың керек?

- Балалар, сендер үстелдің басында тамақтанып отырсыңдар. Кенеттен Айгүлдің қасығы еденге құлап кетті. Сендер қалай әрекет етесіңдер? Оған не айтасыңдар? Айгүл сендерге не дейді?

- Төрт бала үстел басында түскі ас ішіп отыр. Қуаныш Талғаттан бір үзім нан беруін сұрайды. Олар қалай әрекет етеді? Олар бір-біріне не дейді?

- Екі бала ойнап отыр. Бірі байқамай досын итеріп жіберді. Олардың әрекетін айтып беріңдер?

- Тәрбиеші сенен басқа топтың тәрбиешісінің көмекшісіне кітап апарып беруді сұрады. Сен қалай әрекет етесің? Тәрбиеші не айтады?

«Сыпайы сөздер дүкені»

Мақсаты: белгілі бір жағдайда сыпайы сөздерді қолдана білуді қалыптастыру.

Дүкендегі сөрелерге «сыпайы сөздер» орналастырылған: алғыс айту (рахмет, алғыс білдіремін), өтініштер (өтінемін, мархабат), сәлемдесу (сәлеметсіз бе, қайырлы күн, қайырлы таң), кешірім сұрау (кешіріңіз, ғафу етіңіз, өкінішті), жылы сөздер (құрметті ана, әке, анашым, әжетайым). Педагог жағдаяттарды сипаттайды, ал балалар сөреге кезек-кезек келіп, сатушыдан өзіне қажетті сөздерді «сатып алады» және жағдаяттарды талдай отырып, оларды қолданады.

1 Жағдаят. Анаң дүкеннен дәмді алма әкелді. Сен алмалардың дәмін татып көргің келді, бірақ анаң түскі асқа дейін күтуің керек деді. Сен анаңнан оны қалай сұрайсың?

2 Жағдаят. Әжең шаршап демалып жатыр. Сен әжеңнің қызықты кітапты оқып бергенін қалайсың. Сен қалай әрекет етесің? Сен әжеңнен кітап оқып беруін қалай сұрайсың?

3 Жағдаят. Анаң дүкеннен сенің сүйікті бәлішінді әкелді. Сен өз үлесіңді жеп қойдың, бірақ әлі де жегің келіп тұр. Сен не істейсің?

4 Жағдаят. Таңертең отбасы таңғы асқа жиналды. Сен де тұрып, жуынып, шашыңды тарап, киініп, ас үйге келдің. Сен өзінді қалай ұстайсың? Не айтасың?

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ПЕН ӨЗАРА КӨМЕКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР

«Менің көңіл-күйім»

Ойынның мақсаты: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу.

Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады.

Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады.

Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек.

«Көңіл-күйді анықтау»

Ойынның мақсаты: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу.

Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.

Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.

Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды.

«Көңіл - күйдің кездесуі»

Ойынның мақсаты: мейрімділікке, өзгенің көңіл-күйін түсінуге тәрбиелеу.

Педагог эмоциялар бейнеленген карточкалардың екі тобын (пиктограммалар) орналастырады және балалардан әртүрлі эмоциялар қалай кездесетінін, жағымды және жағымсыз эмоцияларды елестетуді сұрайды. Тәрбиеші «жағымды» эмоцияны, ал бала «жағымсыз» эмоцияны көрсетеді, содан

кейін карточкалардың орнын ауыстырады. Эмоцияларды қалай татуластыруға болатындығы туралы талқылайды.

«Эмоцияларды жаттықтырамыз»

Ойынның мақсаты: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу.

Тәрбиеші балалардан:

- күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы адамды; зұлым сиқыршыны;
- күлімдеген күннің көзін; қу түлкіні; қуанышты баланы;
- балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп жіберген адамды;
- орманда адасып кетіп қорыққан баланы; қасқырды көрген қоянды; иттен қорыққан мысықты;
- жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк көтерген адамды; үлкен бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны;
- көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен бала сияқты демалуды; ауыр жүк әкелген жылқыны; жұмыстан кейінгі анасының эмоцияларын көрсетуді сұрайды.

«Ата-аналарға қамқорлық жасау»

Ойын мақсаты: елгезектікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

Балалар бірнеше қадам қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады.

Педагог кезекпен балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды:

- анаң ауырып қалды;
- анаң жұмыстан шаршап келді;
- анаңның көңіл-күйі жоқ;
- анаңның шаруасы көп;
- әкеңнің жұмысында қолайсыздықтар болды.

Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады. Ойын соңында педагог балалардан өмірлік жағдайда өздері айтқандай әрекет етуді айтады.

«Қамқорлық гүлі»

Ойынның мақсаты: мейрімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды. Балаларға анасына бес жапырақшасы бар «Қамқорлық гүлін» салу ұсынылады.

Сурет салып болғаннан кейін педагог балаларға өздері ойлаған істерін жасап, анасына «Қамқорлық гүлін» сыйлауды ұсынады.

«Кім жауапкершілік танытты»

Ойынның мақсаты: жауапкершілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Балалар бірнеше қадам қашықтықта тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады.

Тәрбиеші балаларға кезек-кезек доп лақтырып, мына жағдайда адам жауапкершілік танытты ма деп сұрайды:

- әкесі баласымен бірге циркке баратыны туралы уәдесін ұмытып, достарымен балық аулауға кетті;
- анасы шаршағанына қарамастан қызына қуыршақ театрына ойыншық тігуге көмектесті;
- ағасы серуендеуге кетіп, кішкентай қарындасын жалғыз қалдырды;
- балалар саяжайға кетіп, мысыққа тамақ қалдыруды ұмытып кетті;
- күн сайын қыз бала бөлмедегі өсімдіктерді суару үшін ерте тұрады;
- теңізге барар алдында әкесі ұлына жүзуді үйретті.

Егер допты ұстап алған ойыншының пікірімен балалардың көпшілігі келіссе, ол алға бір қадам жасайды. Егер қалған қатысушылар оның пікірімен келіспесе, ойыншы орнында қалады және балаларға бұл мәселені талқылау ұсынылады.

«Диалог»

Ойынның мақсаты: жауапкершілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Педагог балаларды жұптарға бөледі және оларға үй жануарлары бейнеленген карточкаларды таратады.

Балаларға үй жануарлары мен оның иесі арасындағы диалог-көріністі ойлап табу ұсынылады, онда иесі үй жануарына қалай қамқорлық жасайтынын және бұл кезде «үй жануарлары» қалай сезінетінін айтады.

СЮЖЕТТІК СУРЕТТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҒДАЯТТАРДЫ ШЕШУ

«Балақайға ертегі көрсетеміз»

Мақсаты: өзара көмекке тәрбиелеу, досына көмек қажет болса, оған көмектесу керек деген ережені бекіту.

Балалар балақайларға көрсетететін ертегі кейіпкерлерін мүсіндейді. Бір бала мысықты мүсіндеді, ал екіншісі түлкінің мүсінін аяқтауда, ал қыз бала әтешті мүсіндей алмай отыр.

Балаларға арналған сұрақтардың үлгісі:

- Суретте не көрдің?
- Неге қыз бала мұңайып отыр?
- Оған қалай көмектесуге болады?

Тәрбиеші балаларға не болғанын талқылауды ұсынады; жауаптарды тыңдап, былай деп түсіндіреді: «әрекет жасағанда бәрі бірден болмайды, сәтсіздіктер де болады. Балалардың бірі тәрбиеші көрсеткен әдісті ұмытып кетуі мүмкін. Оған мұңаюдың қажеті жоқ, өйткені, ол үйреніп жатыр, енді сендер қыз баланың достарына не істеу керектігін айтындар».

Сюжетті дамыту: а) жұмысын аяқтаған ұл баланың бірі қыз балаға – әтештің құйрығын мүсіндеуге көмектеседі; б) екінші бала да көмекке келді –әтештің басын мүсіндеді. Енді қыз бала денесін аяқтайды да, айдарын жабыстырады. Содан кейін бәрі бірге ертегіні дайындайды.

«Барлығы сабаққа дайын болуы керек»

Мақсаты: өзара көмекке, досына қол ұшын беруге тәрбиелеу.

Бейнелеу студиясында кезекшілер үстелдің үстіне Жапсыру ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған құралдарды қойып жатыр. Баланың қолындағы подностан қайшылар, қылқалам, қарындаштар жерге түсіп кетеді.

Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: «Не болды? Бала неліктен подносты түсіріп алды?» Балалар оны нашар кезекші, ол жұмысын кеш бастағандықтан асықты деп жауап беруі мүмкін.

«Бұл жағдайда басқа балалар не істеуі керек?» - деп сұрайды тәрбиеші. Балалардың болжамды жауабы: «Кезекшілердің өздері бәрін дайындауы керек». Педагог балалардың жауаптарын тыңдап, «дұрыс айтасыңдар, кезекшілер әрқашан бәрін өздері дайындайды; бірақ осындай жағдай болғандықтан, оларға көмектесудің қажеті жоқ па? Себебі сабақты тоқтатуға болмайды» дейді.

Сюжеттің дамуы: А) кезекші қыз бала өз подносын үстелге қойып, досына көмектеседі; б) басқа бала (кезекші емес) кезекшіге шашылған заттарды жинауға көмектеседі.

«Батыл бол!»

Мақсаты: өзара көмекке тәрбиелеу; балаларды қиындықтарды, қорқынышты еңсеруге үйрену керек екендігін және құрдастарының епсіздігіне күлуге болмайтынын түсіндіру: досына қорқынышын жеңуге көмектесуге шақыру.

Батыл және епті Мақсат бөрене бойымен сенімді жүреді, ал Асхаттың бөрене үстіне шығуға батылы бармайды. «Асхат қорқақ!»- дейді қыз бала. «Ия, мұндай епсізден ештеме шықпайды...», - деп ойлайды қасында тұрған бала. «Қазір құлайды!» - дейді тағы бір бала.

Сюжеттің дамуы: а) бөрене бойымен абайлап келе жатқан епсіз және жасқаншақ құрдасын екі жағынан балалар сүйемелдейді; б) Асхат бөрене бойымен өзі жүріп келе жатыр, бірақ қыз бала кез-келген уақытта оған көмектесуге дайын.

«Менде доп жоқ»

Мақсаты: достармен бөлісу керек деген моральдық қағиданың мағынасын ашу.

Балаларға сұрақ: «Бала неліктен көңілсіз?» Жауаптарды тыңдау, барлық пікірлерді талқылау, балалардың назарын суреттің мағынасына, кейіпкердің эмоционалды жағдайына аудару. Жалпы қорытынды: «жақсы достар әрқашан біреудің мұңайғанын байқайды. Неліктен бұл бала көңілсіз? Оған қалай көмектесуге болады? Олар әрқашан досымен бөліседі. Басқаға қуаныш сыйлағанда, өзің де қуанышты боласың!». Балалармен талқылаңыз: неге достарыңызбен бөлісу керек? Бұл сұрақ балаларды жағдаят шеңберінен шығуға, оларды өздерінің тәжірибелеріне жүгінуге мәжбүр етеді. Балалардың біреуіне досына қалай көмектескенін және сол сәтте өзін қалай сезінгенін еске түсіруді ұсынуға болады.

Сюжетті дамыту: а) Қыз бала өзінің добын ер балаға ұсынады; б) Балалар доппен бірге ойнайды.

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР

«Түсті таңда»

Міндеттері: балалар тобында және ересектер арасында баланың өз-өзін дәлелдеуіне жағдай жасау; антоним — сөздердің қорын кеңейту және оларды белгілі бір жағдайларда қолдануға үйрету.

Дайындық жұмыстары. Педагог балаларға В. Маяковскийдің «Жақсы деген немене, жаман деген немене» өлеңін оқиды. Содан кейін ол балаларға 2 түсті карточкаларды: ақ және қара карточкаларды таратады және карточканың түсін «жақсы» (ақ) және «жаман» (қара) сөзіне сәйкестендіруді ұсынады.

Педагог сөздерді атайды, ал балалар антоним-сөздер үшін қажетті түстерді таңдайды және көрсетеді.

Жақсылық-жамандық
қайғы-қуаныш
жақсы-жаман
еңбекқорлық-жалқаулық
сараңдық - жомарттық
қорқақ-батыл
сүйіспеншілік – жеккөрушілік
дөрекілік-сыпайылық
бейбітшілік-соғыс
қараңғы - жарық
достық-дұшпандық
кір-таза және т. б.

«Ата мен әжеге көмектес»

Міндеттері: балаларды еңбекқорлыққа, қол ұшын беруге, мейірімділікке, жанашырлыққа тәрбиелеу.

Алдын-ала жұмыс. Педагог балаларға отбасында ата-әжелеріне қамқорлық жасау керектігін еске салады.

Ойын. Үстелде газеттер, кітаптар шашылып жатыр, көзілдірік еденге «құлап түсті». Орындықтың жанында себет тұр. Оның айналасында жіп орамдары шашылып жатыр және жерде әженің орамалы жатыр.

Педагог екі баланы шақырады. Кім тезірек шашылған заттарды жинауға көмектеседі? Бір бала атаның үстелін реттеуге көмектеседі, ол кітаптарды қатарлап жинайды, газетті бөлек қояды, еденнен көзілдірікті алады. Ал екіншісі себетке жіп орамдарын жинайды, әженің орамалын көтеріп, орындыққа іліп қояды.

«Бағбандар мен гүлдер»

Топ екі шағын топқа бөлінеді және тәрбиеші ойын ережелерін түсіндіреді: «Егер топта тұрған гүлдер ұзақ уақыт бойы суарылмаса-олар құрап қалады. Бірақ

бүгін біз суды қажет етпейтін гүлдер өсетін ерекше баққа барамыз. Егер олар ұзақ уақыт бойы өздері туралы мейірімді және сыпайы сөздерді естімесе, қурап қалады. Бір шағын топ қурап қалған гүлдер, ал екіншісі қурап қалған гүлдерге көмек көрсетуге шақырылған бағбандар болады. Бағбандар бақшаны аралап, әр гүлге сыпайы сөздер айту керек, содан кейін гүлдер біртіндеп гүлдей бастайды. Балалар рөлдермен ауысады, ойын жалғасады.

«Тек жақсы қасиеттерді ата»

Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сарандық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады.

«Игі істер қоржыны»

Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып алуға болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, сонша дөңгелек салу ұсынылады. Бала қиналған жағдайда, оған көмектесу керек. Мұндай ойын баланы игі істер жасауға ынталандырады.

«Жақсылық- жамандық»

Мақсаты: балаларға жақсы және жаман қылықтарды ажыратуды үйрету. Достыққа, өзара көмек пен келісімге тәрбиелеу.

Ойын әрекеттері: балалар педагогтің алдына тұрады. Педагог кезекпен қандай да бір әрекетті, қылықты білдіретін кез-келген сөзді балаларға айтады. Егер сөз қайырымдылықты, игі істерді білдірсе, онда балалар қол шапалақтайды. Егер бұл сөз жамандық, зұлымдық туралы болса, балалар аяқтарын топылдатады.

МАЗМҰНЫ

1.	Түсіндірме жазба	3
2.	Дидактикалық материалдарды қолдану бойынша ұсынымдар	4
3.	Ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар	6
4.	Сюжеттік суреттер қолдана отырып, Педагогикалық жағдаяттарды түсіндіру	9
5.	Мейірімділікті қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар	11
6.	Педагогикалық жағдаяттар	13
7.	Қайырымдылық пен өзара көмекті қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар	14
8.	Сюжеттік суреттерді қолдану арқылы педагогикалық жағдаяттарды шешу	16
9.	Дидактикалық ойындар	18

Разработана на базе Института раннего развития детей
Министерства просвещения Республики Казахстан

В сборнике представлен дидактический материал, направленный на формирование нравственных качеств и добропорядочности у детей дошкольного возраста.

Сборник предназначен для педагогов дошкольных организаций и классов предшкольной подготовки.

Сборник рассмотрен и рекомендован Научно-методическим советом Института раннего развития детей МП РК (протокол №5 от 31 мая 2021 года).

Институт раннего развития детей, 2025

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

В современном обществе остро стоит вопрос о нравственном воспитании личности - приобщения детей к общечеловеческим ценностям, выражающимся в категориях добра и справедливости, сочувствия и заботы о ближнем, внимания и многих других. Решение этой проблемы имеет исключительно важное значение в дошкольном возрасте, так как формирующиеся в дошкольном возрасте нравственные качества личности, чувства и представления оказывают решающее влияние на всю детскую деятельность и, что очень важно и ценно позволяет в более позднем, школьном возрасте, успешнее осуществлять нравственное воспитание.

Проблема нравственного воспитания актуальна, несмотря на то, что ею занимались еще древние философы, педагоги всех эпох. В своих трудах древние философы выдвигали идеи по воспитанию нравственных качеств, педагоги - классики предлагали пути педагогического воздействия на воспитанников. Их взгляды и положения получили развитие в современных работах исследователей по теории и практике нравственного воспитания.

Выдающиеся советские педагоги В.А. Сухомлинский, А.С. Макаренко неоднократно подчеркивали, что дошкольный возраст является чрезвычайно ответственным в становлении нравственных черт характера. К шести годам у ребенка могут быть воспитаны довольно устойчивые формы поведения, отношение к окружающему соответственно усвоенным моральным нормам и правилам.

